



БҰЙРЫҚ

2024.19.08

Сәтбаев қаласы

ПРИКАЗ

№ 171

город Сатпаев

**Сәтбаев қаласының
жалпы білім беру ұйымдарының
оқушыларын ыстық тамақпен
қамтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Ұлытау облысының білім басқармасының 2024 жылғы 13 тамызындағы №247-н «Ұлытау облысының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Сәтбаев қаласының білім мекемелерінің басшыларына:

1) 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

3) Білім беру ұйымдарының асханаларында ата - аналар төлемі есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.

000367

2. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет - ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің жетекшілік ететін бас маманы м.а. А.А. Жолдыбайға жүктелсін.

Басшы



Б.Акишбеков